Аннотация. Реакции селективного гидрирования альдегидов занимают важное место в органическом синтезе, нефтехимической и фармацевтической промышленности, при этом эффективность данных процессов определяется активностью, селективностью и стабильностью применяемых катализаторов. С использованием таких реакций получают спирты, широко применяемые в качестве промежуточных соединений в химическом синтезе. Несмотря на широкое распространение никелевых катализаторов, их структурная нестабильность и чувствительность к условиям реакции ограничивают практическое применение. Кроме того, в процессе длительной эксплуатации наблюдается снижение активности каталитических центров и изменение структуры катализатора. В связи с этим улучшение каталитических свойств никелевых катализаторов путём их промотирования благородными металлами является актуальной научной задачей. Целью исследования является экспериментальная оценка активности, селективности и стабильности скелетных никелевых катализаторов, модифицированных рутением (Ru) и родием (Rh), в реакции гидрирования масляного альдегида. Реакции гидрирования проводились в жидкой фазе при атмосферном давлении в водной и этанольной средах. Свойства катализаторов исследованы методами кинетики поглощения водорода, определения энергии активации и адсорбционных характеристик, а также с применением рентгеноструктурного анализа, электронной микроскопии и инфракрасной

спектроскопии. Результаты показали, что скорость поглощения водорода катализаторами Ni–1,0 % Ru и Ni–1,0 % Rh увеличивается соответственно в 2,2 и 1,7 раза по сравнению с немодифицированным никелем. Реакция гидрирования протекает с высокой селективностью с образованием *n*-бутилового спирта как основного продукта; его выход составляет 98–99 % для системы Ni–Ru и 95–96 % для системы Ni–Rh. Установлено, что введение промоторов повышает дисперсность частиц катализатора и увеличивает количество адсорбированного водорода. Также показано, что использование водной среды замедляет деградацию катализатора и повышает эффективность процесса. Полученные результаты свидетельствуют о перспективности катализаторов Ni–Ru и Ni–Rh для селективных и энергоэффективных процессов гидрирования.

Ключевые слова: никелевый катализатор, рутений, родий, гидрирование, адсорбция, селективность, устойчивость

Кіріспе. Каталитикалық гидрлеу реакциялары қанықпаған органикалық қосылыстарды селективті түрде тотықсыздандырудың негізгі әдістерінің бірі болып табылады және химия, мұнай-химия, фармацевтика мен материалтану салаларында кеңінен қолданылады. Мұндай процестердің тиімділігі катализатордың табиғатына, беттік және электрондық құрылымына, сондай-ақ реакциялық ортаның параметрлеріне тікелей тәуелді екені көптеген зерттеулерде көрсетілген (Bond, 2012; Somorjai and Li, 2010). Әсіресе сұйық фазада жүретін гидрлеу реакцияларында еріткіштің сутегінің ерігіштігіне және беттік тасымал процестеріне әсері маңызды рөл атқарады (Chen et al., 2020).

Никель негізіндегі катализаторлар сутегіні адсорбциялау және активтендіру қабілетінің жоғары болуына байланысты альдегидтер мен кетондарды гидрлеу реакцияларында кең қолданылады (Bartholomew and Farrauto, 2011). Сонымен қатар никельдің салыстырмалы түрде арзандығы оны өнеркәсіптік катализ үшін тартымды етеді. Алайда қаңқалы никель катализаторларының құрылымдық тұрақтылығының шектеулі болуы, агрегацияға бейімділігі және реакциялық ортаға сезімталдығы олардың ұзақ мерзімді қолданылуын қиындатады (Satterfield, 1991).

Зерттеудің мақсаты – рутений (Ru) және родий (Rh) промоторларымен модификацияланған қаңқалы никель катализаторларының май альдегидін гидрлеу реакциясындағы каталитикалық белсенділігі, селективтілігі және тұрақтылығының өзгеру заңдылықтарын анықтау. Сонымен қатар промотор металдардың катализатордың құрылымдық, адсорбциялық және электрондық қасиеттеріне әсерін бағалау, сондай-ақ реакциялық ортаның (су және этанол) гидрлеу процесінің кинетикалық параметрлеріне ықпалын зерттеу көзделді.

Осыған байланысты жұмыста келесі зерттеу сұрағына жауап ізделді: рутений және родиймен модификацияланған никель катализаторлары май альдегидін гидрлеу реакциясында каталитикалық белсенділік пен селективтілікті қандай механизмдер арқылы арттырады және еріткіш табиғаты катализатордың тиімділігі мен тұрақтылығына қалай әсер етеді? Бұл сұрақты талдау биметаллды Ni–Ru және Ni–Rh катализаторларының каталитикалық қасиеттерінің қалыптасу заңдылықтарын түсіндіруге және селективті гидрлеу процестері үшін тиімді каталитикалық жүйелерді ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді.

Әдеби шолу. Катализатордың тиімділігі тек оның химиялық құрамымен ғана

емес, сонымен бірге беткі қабаттағы белсенді орталықтардың табиғатымен, бөлшектердің дисперстілігімен және электрондық қасиеттерімен де анықталады. Қаңқалы никель жүйелерінде гидрлеу процесінің жылдамдығы көбіне сутегінің диссоциативті адсорбциясына, атомдық сутегінің бет бойынша миграциясына және органикалық субстраттың адсорбциялық қасиеттеріне тәуелді болады. Осы тұрғыдан алғанда биметаллды катализаторларды қолдану катализатордың беттік энергетикасын және электрондық құрылымын өзгерту арқылы реакцияның кинетикалық параметрлерін жақсартуға мүмкіндік береді (Rodriguez et al., 2014; Wang et al., 2018).

Соңғы жылдары никель катализаторларын рутений (Ru) және родий (Rh) сияқты асыл металдармен промоторлау арқылы олардың каталитикалық қасиеттерін жақсарту бағыты белсенді дамып келеді. Әдеби деректерде Ni–Ru және Ni–Rh биметаллды жүйелерінде айқын синергетикалық әсер байқалатыны, бұл сутегінің диссоциативті адсорбциясын және бет бойынша тасымалдануын күшейтетіні көрсетілген (Chen et al., 2017; van der Wal et al., 2015). Рутений мен родий никельдің электрондық күйін өзгертіп, белсенді орталықтардың энергетикалық біртектілігін арттырады, нәтижесінде реакция жылдамдығы мен селективтілігі жоғарылайды (Zhang et al., 2016; Wang et al., 2018).

Ru және Rh атомдары сутегіні активтендіру қабілеті жоғары орталықтар ретінде әрекет етеді және никель бетінде атомдық сутегінің түзілуін жеңілдетеді. Сонымен қатар бұл металдар никель бөлшектерінің шамадан тыс іріленуін тежеп, ұсақ дисперсті құрылымның қалыптасуына ықпал етеді. Мұндай құрылымдық өзгерістер нәтижесінде катализатордың меншікті бет ауданы артып, альдегид молекулаларының адсорбциясы мен гидрлену реакциясының тиімділігі жоғарылайды (Zhu et al., 2019; Alonso et al., 2012).

Сонымен қатар, сұйық фазалы гидрлеу процестерінде еріткіштің табиғаты промоторланған никель катализаторларының белсенділігі мен тұрақтылығына айтарлықтай ықпал етеді. Су ортасының катализатор деградациясын баяулататыны және белсенді орталықтардың сақталуына қолайлы жағдай жасайтыны бірқатар жұмыстарда атап өтілген (Liu et al., 2021; Wang et al., 2022). Полярлы еріткіш ретінде су реакция өнімдерінің десорбциясын жеңілдетіп, катализатор бетінің улануын азайтуы мүмкін. Ал этанол сияқты органикалық еріткіштерде адсорбциялық тепе-теңдік өзгеше қалыптасып, кей жағдайда органикалық молекулалардың катализатор бетімен өзара әрекеттесуі күшейеді (Chen et al., 2020). Дегенмен, май альдегидін гидрлеу реакциясында Ni–Ru және Ni–Rh катализаторлары үшін промотор үлесінің, еріткіш табиғатының және адсорбциялық қасиеттердің өзара байланысы толық жүйеленбеген. Осыған байланысты биметаллды никель катализаторларының каталитикалық мінез-құлқын терең зерттеу олардың белсенділігі мен тұрақтылығының негізгі факторларын анықтауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Бұл зерттеуде май альдегидін гидрлеу үшін қаңқалы никель катализаторларының рутений (Ni–Ru) және родиймен (Ni–Rh) промоторланған қатарлары қолданылып, олардың адсорбциялық және каталитикалық қасиеттері бірдей шарттарда салыстырылды. Реакциялар су мен этанол орталарында, 15–25 °C диапазонда, атмосфералық қысымда ($\approx 0,1$ МПа; 760 мм сын.бағ.) жүргізілді; бұл режим патенттік сипаттамада берілген пайдалы модель параметрлеріне сәйкес келеді.

Катализатор үлгілерін салыстырмалы түрде зерттеу үшін барлық тәжірибелер бірдей эксперименттік жағдайларда жүргізілді. Бұл тәсіл промоторлардың әсерін бөгде факторлардың ықпалынсыз бағалауға мүмкіндік береді. Әрбір катализатор тәжірибеге дейін сутегі атмосферасында алдын ала активтендірілді, бұл металл фазасының толық қалыптасуына және белсенді орталықтардың тұрақтануына жағдай жасайды (Bartholomew and Farrauto, 2011). Реакция барысында температура мен қысымның тұрақтылығы үздіксіз бақыланып отырды.

Май альдегидінің бастапқы концентрациясы әдетте жылдамдыққа әсер етпейді және процесс нөлінші ретті кинетикамен сипатталады; тек ерітіндідегі концентрацияны шамамен екі есеге ($\approx 2,2$ ммоль-ге дейін) арттырғанда уақытша жылдамдық өсімі байқалады, ал әрі қарай ұлғайту катализатор бетінің органикалық молекулалармен жабылуын күшейтіп, жылдамдықтың төмендеуіне әкеледі. Осыған байланысты лимиттеуші саты ретінде сутегінің активтенуі анықталды: белсенді сутегі қоры азайғанда гидрлеу бағыты бәсеңдеп, деструктивтік (ыдырау) жолдың үлесі артады.

Каталитикалық өлшеулер үшін уақытқа байланысты сутегінің сіңірілген көлемі (V , мл H_2) тіркеліп, сол бойынша минутына және катализатор грамына келтірілген гидрлеу жылдамдығы (W , мл H_2 /мин·г·кат) есептелді; параллель түрде потенциометриялық бақылауда жүйенің электрлік потенциалы (E , мВ) үздіксіз мониторингтелді. Кинетикалық қисықтарда ордината осінің жоғары бөлігінде $W(t)$, төменгі бөлігінде $E(t)$, ал абсциссада V бейнеленді; бұл бірізді хаттама Ni–Ru және Ni–Rh жүйелеріне де, су мен этанол ортасына да бірдей қолданылды.

Қаңқалы Ni ($\approx 50\%$ Al) үшін қанығу потенциалы шамамен 700 мВ, ал Ru немесе Rh-пен промоторланған нұсқаларында ≈ 650 мВ деңгейінде байқалды. Алғашқы минуттарда катализатор белсенділігін салыстыру үшін енгізу сәтіндегі анодтық ығысу (ΔE) мен осы интервалда сіңген H_2 көлемі пайдаланылды: ΔE төмендеген сайын адсорбция күшінің әлсіреуімен қатар W артады. Су ерітіндісінде Ni–Ru қатарында белсенділік айқын максимумға 1,0 % Ru құймасында жетіп, сутегінің сіңіру жылдамдығы қаңқалы никельге қарағанда шамамен 2,2 есе жоғары болды. Ru мөлшерін әрі қарай көбейту белсенділіктің төмендеуіне әкелді. Этанол ортасында Ni–Ru жүйелері үшін белсенділік Ru үлесі артқан сайын біртіндеп өсіп, шамамен 10 % Ru құрамында қаңқалы никельмен салыстырғанда $\approx 1,8$ есе жоғары мәнге жетті. Екі ортада да реакциялар бәсеңдеуші жылдамдықпен жүрді және гидрлеу аяқталғаннан кейін катализатор потенциалы қанығу мәніне толық жетпей қалды, бұл өнімдердің бетте қайтымсыз адсорбциясымен түсіндіріледі. Ni–Rh жүйелері үшін де ұқсас заңдылықтар байқалды: суда ең жоғары белсенділік 1,0 % Rh құрамында тіркеліп, сутегінің сіңіру жылдамдығы қаңқалы никельге қарағанда шамамен 1,7 есе жоғары болды. Ал этанол ортасында Rh мөлшерінің артуымен белсенділік біртіндеп өсіп, шамамен 10 % Rh деңгейінде қаңқалы Ni-мен салыстырғанда $\approx 2,2$ есе жоғары көрсеткішке жетті.


Катализаторлардың тұрақтылығын бағалау үшін әрбір үлгіде үш тізбекті (кезекті) сынама жүргізілді. Әрбір келесі циклде реакция жылдамдығының белгілі бір төмендеуі байқалғанымен, су ортасында промоторланған жүйелер

этанол ортасына қарағанда айқынырақ тұрақтылық көрсетті. Бұл құбылыс этанол ерітіндісінде органикалық өнімдердің катализатор бетіне салыстырмалы түрде күштірек адсорбциялануымен түсіндіріледі, соның салдарынан белсенді орталықтардың уақытша бітелуі жиірек байқалады. Адсорбциялық сипаттамалар термодесорбция және кондуктометрия әдістерімен анықталды. Ru немесе Rh енгізу әлсіз адсорбцияланған сутегінің үлесін және жалпы адсорбцияланған H₂ мөлшерін арттырды, сонымен бірге сутегі байланысының энергиясын күшейтті. Нәтижесінде белсенді орталықтардағы сутегінің бет бойынша тасымалы жеңілдеп, айқын активтендіру энергиясы төмен аймаққа ығысты. Реакция өнімдерінің құрылымын анықтау мақсатында n-бутил спиртінің ИҚ спектрлері тіркелді. ИҚ-Фурье спектроскопиялық талдау нәтижесінде O–H тобының валенттік тербелісі 3329 см⁻¹ жиілікте, деформациялық O–H тербелісі шамамен 1338 см⁻¹ аймағында, ал біріншілік спирттерге тән C–O валенттік тербелісі 1072 см⁻¹ жиілікте байқалды. Бұл мәліметтер гидрлеу реакциясының негізгі өнімі ретінде n-бутил спиртінің түзілетінін растады. Жалпы алғанда, қолданылған кинетикалық-потенциометриялық хаттама және адсорбциялық сипаттамаларды кешенді талдау промоторланған қаңқалы никель жүйелерінің белсенділік-тұрақтылық теңгерімін, сондай-ақ еріткіштің (су/этанол) рөлін салыстырмалы түрде бағалауға мүмкіндік берді. Алынған кинетикалық деректердің сенімділігін қамтамасыз ету үшін барлық тәжірибелер бірнеше рет қайталанып жүргізілді, ал нәтижелер арасындағы айырмашылық 5–7 % шегінде болды.

Нәтижелер. Май альдегидін гидрлеу реакциясында қаңқалы никель катализаторларын рутениймен (Ni–Ru) және родиймен (Ni–Rh) промоторлау олардың белсенділігі мен селективтілігін айтарлықтай өзгертетіні тәжірибелермен дәлелденді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, сутегінің сіңірілу жылдамдығы мен реакцияның кинетикалық параметрлері еріткіш табиғатына және промотор үлесіне тәуелді сипат алды. Алынған нәтижелер биметаллды катализаторлардың каталитикалық қасиеттері олардың құрылымдық және электрондық параметрлерімен тығыз байланысты екенін көрсетті. Ru және Rh енгізу никель бөлшектерінің дисперстілігін арттырып қана қоймай (Zhu et al., 2019; Zhang et al., 2016), катализатор бетінің электрондық құрылымын да өзгертеді. Мұндай өзгерістер альдегид молекулаларының адсорбция энергиясына әсер етіп, гидрлеу реакциясының селективті жолмен жүруіне қолайлы жағдай жасайды.

Кинетикалық қисықтар (1-сурет, 1-кесте) май альдегидінің гидрлеу реакциясы бәсеңдеуші жылдамдықпен жүретінін көрсетті, бұл сұйық фазалы гидрлеу процестеріне тән құбылыс болып табылады және адсорбцияланған сутегінің біртіндеп таусылуымен түсіндіріледі (Satterfield, 1991). Су ерітіндісінде Ni–1,0 % Ru катализаторы үшін сутегіні сіңіру жылдамдығы қаңқалы никельмен салыстырғанда 2,2 есе жоғары болды. Алайда Ru мөлшері 1,0 %-дан асқанда белсенділіктің төмендеуі байқалды. Бұл құбылыс асыл металдардың артық мөлшерде енгізілуі кезінде никельдің белсенді орталықтарының ішінара экранирленуімен және беттік қайта құрылымдануымен байланысты болуы мүмкін (Rodriguez et al., 2014; Zhang et al., 2016). Этанол ортасында да ұқсас тәуелділік

сақталғанымен, реакция жылдамдығының абсолюттік мәндері төменірек болды, бұл еріткіштің сутегінің ерігіштігіне және диффузиялық қасиеттеріне байланысты (Bond, 2012; Chen et al., 2020). Полярлы орта ретінде су сутегінің катализатор бетіне жеткізілуін жеңілдетіп, реакция өнімдерінің десорбциясын тездетуі мүмкін, ал этанолда органикалық молекулалардың адсорбциясы күштірек жүреді. Сондықтан су ерітіндісінде гидрлеу жылдамдығы жоғары және катализатордың тұрақтылығы да жақсы байқалады.



Сурет 1 – Құрамында Ru қоспасы 0,5–10,0 % аралығында болатын қаңқалы Ni катализаторларындағы май альдегидінің гидрлену процесінің кинетикалық және потенциометриялық тәуелділіктері. T = 20°C; P(H₂) = 0,1 МПа; (1а, еріткіш – су. 1б- реакция ортасы – этанол)

Кесте 1 - Май альдегидінің гидрлену реакциясының тиімділігіне әсер ететін әртүрлі еріткіштердегі катализатор үлгілерінің салыстырмалы сипаттамасы

Қоспа	Қоспа саны, %масс	Sменш.,м ² /г	H ₂ O		CH ₃ CH ₂ OH	
			W,мл(H ₂) /мин·г·кат	ΔE,мВ	W,мл(H ₂) /мин·г·кат	ΔE,мВ
Ru	0,5	102	2,8	100	1,8	115
	1,0	110	4,3	80	2,0	110
	3,0	106	3,7	90	2,3	118
	5,0	105	3,5	95	2,5	120
	10,0	98	2,3	110	2,8	125
Ni _{скел.}	-	105	2,1	120	1,5	140

Қайталанған сынамалар бойынша су ерітіндісінде реакция жылдамдығы этанолға қарағанда жоғары және катализаторлардың деградациясы баяу жүретіні анықталды. Белсенді катализатор үшін айқын активтендіру энергиясы 5,3–9,2 ккал/моль аралығында болады. Мұндай салыстырмалы түрде төмен мәндер гидрлеу реакциясының сутегінің активтенуімен шектелетінін және промотор

енгізу бұл сатының энергетикалық тосқауылын төмендететінін көрсетеді.

Жүргізілген тәжірибелер нәтижелеріне сәйкес, Ni–Rh жүйелері үшін ең жоғары белсенділік 1,0 % Rh құрамында байқалды, бұл кезде сутегіні сіңіру жылдамдығы қалыпты Ni-мен салыстырғанда 1,7 есе артты. Родийдің сутегіні активтендіру қабілетінің жоғары болуы және оның никельдің электрондық күйіне әсері бұл нәтижені түсіндіреді (Wang et al., 2018). Rh мөлшерінің артуымен этанол ортасында реакция жылдамдығының біртіндеп өсуі сутегінің «spillover» механизмімен және биметаллды беттердің қалыптасуымен байланысты болуы мүмкін (Li et al., 2019). Тізбекті сынамаларда жылдамдықтың төмендеу тенденциясы судағы катализаторлардың тұрақтылығының жоғары екенін көрсетті (2-кесте).

Кесте 2 - Су және этанол орталарында май альдегидін гидрлеу тиімділігіне әсер ететін катализаторлардың құрамдық және белсенділік сипаттамалары

Қоспа	Қоспа саны, %масс	Сменш., м ² /г	H ₂ O		CH ₃ CH ₂ OH	
			W, мл(H ₂) /мин·г·кат	ΔE, мВ	W, мл(H ₂) /мин·г·кат	ΔE, мВ
Rh	0,5	114	3,1	105	2,3	120
	1,0	120	3,6	95	2,5	115
	3,0	110	2,8	110	3,1	125
	5,0	105	2,5	115	3,3	130
	10,0	103	2,4	120	3,5	135
Ni _{скала}	-	83	2,1	120	1,5	140

Рентгенографиялық және электронды микроскопиялық зерттеулер Ru және Rh қоспалары катализатор бөлшектерінің дисперстілігін арттырып, меншікті бет ауданын ұлғайтатынын көрсетті. Мұндай құрылымдық өзгерістер асыл металдардың никельдің қайта кристалдануын тежеу арқылы ұсақ дисперсті құрылым түзуіне байланысты екені әдебиетте көрсетілген (Ertl et al., 2008; Zhu et al., 2019). Белсенді бет ауданының артуы реакция жылдамдығының жоғарылауына тікелей ықпал етеді, себебі гидрлеу процестерінде жылдамдық көбіне сутегінің активтену сатысымен шектеледі (Somorjai and Li, 2010).

3-кестеде ұсынылған мәліметтер қаңқалы никель катализаторының адсорбциялық қасиеттерін айқын көрсетеді: адсорбцияланған сутегінің көлемі 17,6 мл/г, ал меншікті беттік ауданы 63,8 м²/г құрайды. Промотор элементтерін енгізу бұл көрсеткіштерді едәуір арттырады — Ru бар катализатор үшін мәндер 26,4 мл/г және 96,0 м²/г, ал Rh бар катализаторда тиісінше 30,0 мл/г және 110,0 м²/г деңгейіне дейін өседі. Мұндай өзгерістер катализатор бетінде реакцияға қабілетті орталықтардың саны артқанын және сутегінің адсорбциялану қабілеті жоғарылағанын көрсетеді. Сонымен қатар әлсіз байланысқан сутегінің үлесінің артуы гидрлеу реакциясының жылдам жүруіне қолайлы жағдай жасайды.

Кесте 3- Май альдегидін сорбцияланған сутегімен гидрлеу реакциясында промоторлардың әсерін көрсететін катализатор үлгілерінің салыстырмалы сипаттамалары

Промотор	H ₂ , мл/г			Термодесорбция, мл/г	S, м ² /г		Металдық беті, %
	барлығы	әлсіз	тұрақты, %		БЭТ	H ₂	
Қоспасыз	42,8	17,6	59,0	42,0	83,0	63,8	74
Ru	48,0	26,4	45,0	45,0	110,0	96,0	87
Rh	49,4	30,0	41,0	47,0	120,0	110,0	89

Термодесорбция және кондуктометрия мәліметтері бойынша рутений мен родий қоспалары катализатор бетінде әлсіз адсорбцияланған сутегінің үлесін арттырып, оның жалпы көлемін 45–47 мл/г деңгейіне дейін көтерді. Белсенді орталықтар саны өзгермегенмен, адсорбция энергиясы артқаны белсенділікке тікелей әсер етті. Бұл нәтижелер биметаллды жүйелерде сутегінің активтену сатысы жеңілдейтінін және реакция жылдамдығының артуы осы факторлармен байланысты екенін көрсетеді.

4-кесте нәтижелері бойынша қалыпты Ni катализаторының селективтілігі салыстырмалы түрде төмен ($\approx 0,56$), ал Ni–1,0 % Ru және Ni–1,0 % Rh жүйелерінде бұл көрсеткіш 0,9-дан жоғары мәнге жетті. Бұл рутений мен родийдің сутегімен байланысты белсенді орталықтардың электрондық қасиеттерін оңтайландыруымен түсіндіріледі (Rodriguez et al., 2014; Wang et al., 2018).


Кесте 4 - Су және этанол орталарында май альдегидінің толық емес гидрлену өнімдерінің салыстырмалы құрамдары мен S-селективтілік шамалары

Катализатор	Еріткіш	Сіңірілген H ₂ , моль	май альдегиді	бутил спирті	пропан	S, %
Nick.	H ₂ O	0,25	52,0	35,8	12,2	59
		0,5	37,5	41,0	21,5	
		0,75	19,0	48,2	32,8	
Ni-1,0% Ru	H ₂ O	0,25	56,2	41,5	2,3	94
		0,5	47,3	50,3	2,4	
		0,75	10,1	87,1	2,8	
Ni-1,0% Rh	H ₂ O	0,25	62,3	35,2	2,5	92
		0,5	47,5	48,9	3,6	
		0,75	11,8	83,5	4,7	
Nick.	C ₂ H ₅ OH	0,25	54,2	31,5	14,3	56
		0,5	39,5	37,0	23,8	
		0,75	20,6	43,8	35,6	
Ni-10,0%Ru	C ₂ H ₅ OH	0,25	60,7	33,5	5,8	79
		0,5	45,6	48,1	6,3	
		0,75	26,0	67,2	6,8	

Ni-10,0%Rh	C ₂ H ₅ OH	0,25	57,3	39,5	3,2	82
		0,5	48,8	46,7	4,5	
		0,75	22,3	72,5	5,2	

Бутил спиртінің құрылымы ИҚ-спектр арқылы расталды (2-сурет). Реакция барысында бутил спирті концентрациясы альдегид жойылғаннан кейін тез өседі, ал қосымша өнім пропан деструктивтік жолмен түзіледі. Негізгі өнім шығымы Ni-1,0 % Ru катализаторында 98–99 %, Ni-1,0 % Rh жүйесінде 95–96 % құрады.

Май альдегидінің гидрлену өнімдерінің құрылымдық ерекшеліктерін айқындау мақсатында ИҚ-спектрлер 600–4000 см⁻¹ жиілік аймағында «Shimadzu IR Prestige-21» ИҚ-Фурье спектрометрінде (ATR приставкасымен) тіркелді. ИҚ-спектрлік талдау нәтижелері н-бутил спиртінің құрылымдық ерекшеліктерін айқын көрсетті. А – сутегі байланысы арқылы байланысқан О–Н тобының валенттік тербелісі 3329 см⁻¹ жиілікте байқалды; В–О–Н тобының С–Н жазықтық тербелістерімен күшейтілген деформациялық тербелісі 1338 см⁻¹ маңында тіркелді; С – біріншілік спиртке тән С–О валенттік тербелісі 1072 см⁻¹ жиілікте көрінді.



Сурет 2 - н-бутил спиртінің ИҚ спектрі

Гидрлеу процесі барысында жүйеде бутил спирті мен пропанның түзілуі бір мезгілде басталады. Бутил спиртінің концентрациясының артуы май альдегидінің ерітіндіден толық жойылуымен сәйкес келеді. Су ортасында жүргізілген гидрлеу реакциясының соңында негізгі өнім болып табылатын н-бутил спиртінің шығымы Ni-1,0 % Ru катализаторында 98–99 %, ал Ni-1,0 % Rh катализаторында 95–96 % деңгейінде анықталды. Бұл нәтижелер асыл металдардың альдегид тобының селективті адсорбциясын күшейтіп, көмірсутектік деструкция жолдарын тежейтіні туралы әдеби мәліметтермен сәйкес келеді (Alonso et al., 2012; Wang et al., 2022).

Талқылау. Әдеби деректерге сәйкес, биметаллды Ni-Ru және Ni-Rh жүйелерінде сутегінің активтенуі екі түрлі механизм (Rodriguez et al., 2014; Li et al., 2019)

арқылы жүруі мүмкін: біріншісі – асыл металл бетінде сутегінің диссоциативті адсорбциясы, екіншісі – пайда болған атомдық сутегінің никель бетіне миграциясы. Осындай механизм нәтижесінде реакцияға қатысатын белсенді сутегінің концентрациясы артып, гидрлеу процесінің жалпы жылдамдығы жоғарылайды. Сонымен қатар промотор металдардың енгізілуі катализатордың тұрақтылығын арттырып, бөлшектердің агрегациясын тежейді (Liu et al., 2021). Мұндай әсер әсіресе аз мөлшердегі асыл металдарды енгізгенде айқын байқалады, себебі бұл жағдайда никель бетінде жаңа биметаллды белсенді орталықтар қалыптасады.

Алынған нәтижелер никель катализаторларын рутений және родиймен модификациялау май альдегидін гидрлеу процесінде жоғары белсенділік, селективтілік және тұрақтылыққа қол жеткізудің тиімді тәсілі екенін көрсетеді. Бұл тұжырымдар сұйық фазалы гидрлеу процестеріне арналған заманауи, энергия үнемдейтін каталитикалық жүйелерді жобалау үшін маңызды ғылыми негіз қалыптастырады (Li et al., 2023).

Зерттеу нәтижелері еріткіш табиғатының да маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Су ортасында реакция жылдамдығы жоғары және катализатор деградациясы баяу жүретіні анықталды. Бұл құбылыс су молекулаларының катализатор бетінде органикалық өнімдердің шамадан тыс адсорбциясын әлсіретуімен және белсенді орталықтардың бітелуін азайтуымен түсіндіріледі. Сонымен қатар су ортасы сутегінің катализатор бетіне жеткізілуін жеңілдетіп, реакция өнімдерінің десорбциясын тездетуі мүмкін. Ал этанол ортасында органикалық молекулалардың беттік адсорбциясы күштірек болғандықтан реакция жылдамдығы салыстырмалы түрде төменірек байқалды.

Алынған нәтижелер биметаллды катализаторлардың құрылымдық және электрондық қасиеттерін мақсатты түрде өзгерту арқылы олардың каталитикалық сипаттамаларын тиімді басқаруға болатынын көрсетті. Ru және Rh сияқты асыл металдарды аз мөлшерде енгізу никель катализаторларының белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың ұзақ уақыт тұрақты жұмыс істеу қабілетін де жақсартады. Бұл металдар сутегінің диссоциативті адсорбциясын жеңілдетіп, атомдық сутегінің никель беті бойынша миграциясын күшейтеді, нәтижесінде гидрлеу процесінің тиімділігі жоғарылайды. Сонымен қатар промоторлар никель бөлшектерінің агрегациясын тежеп, катализатор құрылымының тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Практикалық тұрғыдан алғанда, анықталған заңдылықтар энергия шығыны төмен, селективтілігі жоғары және ұзақ уақыт бойы белсенділігін сақтайтын гидрлеу катализаторларын жасау үшін маңызды. Мұндай жүйелер органикалық синтезде, мұнай-химия өндірісінде және оттекті органикалық қосылыстарды селективті тотықсыздандыру процестерінде қолданылуы мүмкін. Зерттеу нәтижелері Ni–Ru және Ni–Rh катализаторларының сұйық фазалы гидрлеу реакцияларында жоғары тиімділік көрсететін перспективалы каталитикалық жүйелер екенін дәлелдейді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу май альдегидін гидрлеу реакциясында қаңқалы никель катализаторларын рутений және родиймен промоторлау олардың

каталитикалық белсенділігі, селективтілігі және тұрақтылығын айтарлықтай арттыратынын көрсетті. Эксперименттік нәтижелер Ni–Ru және Ni–Rh биметаллды жүйелерінің қалыпты никель катализаторымен салыстырғанда сутегіні адсорбциялау және активтендіру қабілетінің жоғары екенін растады. Су ортасында Ni–1,0 % Ru және Ni–1,0 % Rh катализаторлары үшін сутегіні сіңіру жылдамдығының сәйкесінше 2,2 және 1,7 есе артуы промоторлардың оңтайлы мөлшерде енгізілуі кезінде айқын синергетикалық әсер байқалатынын дәлелдейді. Промотор концентрациясының артуымен белсенділіктің төмендеуі катализатор бетінің қайта құрылымдануымен және белсенді орталықтардың ішінара экранирленуімен байланысты екені анықталды. Бұл құбылыс биметаллды катализаторлар үшін тән заңдылықтармен сәйкес келеді және асыл металдардың мөлшерін оңтайлы таңдаудың маңыздылығын көрсетеді.

Реакцияның жоғары селективтілігі анықталды: негізгі өнім ретінде *n*-бутил спирті түзіліп, оның шығымы Ni–1,0 % Ru жүйесінде 98–99 %, ал Ni–1,0 % Rh катализаторында 95–96 % деңгейінде болды. Қосымша өнім – пропанның аз мөлшерде түзілуі гидрлеу процесінің басым түрде селективті жолмен жүретінін көрсетеді. ИҚ-спектрлік талдау алынған өнімдердің құрылымын толық растады және негізгі өнім ретінде біріншілік спирттің түзілетінін дәлелдеді. Бұл нәтижелер катализатор бетінде альдегид тобының селективті адсорбциясы жүретінін және көмірсутектік деструкция реакцияларының үлесі айтарлықтай төмен екені айқындалды. Құрылымдық және адсорбциялық зерттеулер рутений мен родий енгізу катализатор бөлшектерінің дисперстілігін арттырып, меншікті бет ауданын және адсорбцияланған сутегінің көлемін едәуір ұлғайтатынын көрсетті. Мұндай өзгерістер катализатор бетінде белсенді орталықтардың санының артуына және реакцияға қатысатын атомдық сутегінің концентрациясының көбеюіне әкеледі. Сонымен қатар әлсіз байланысқан сутегінің үлесінің өсуі гидрлеу реакциясының жылдам жүруіне қолайлы жағдай жасайды. Активация энергиясының төмендеуі промоторланған жүйелерде сутегінің активтену сатысының жеңілдейтінін көрсетеді. Бұл факторлар реакцияның жалпы кинетикалық сипаттамаларына оң әсер етіп, процестің тиімділігін арттырады.

Жалпы алғанда, никель катализаторларын аз мөлшерде рутений және родиймен модификациялау май альдегидін гидрлеу процесінде жоғары белсенділік пен селективтілікке қол жеткізудің тиімді әрі перспективалы тәсілі болып табылады. Алынған ғылыми нәтижелер биметаллды катализаторлардың қасиеттерін терең түсінуге мүмкіндік беріп, сұйық фазалы гидрлеу процестерін одан әрі жетілдіру үшін теориялық және практикалық негіз қалыптастырады. Болашақта бұл бағыттағы зерттеулер катализаторлардың ұзақ мерзімді тұрақтылығын, регенерация мүмкіндігін және әртүрлі альдегидтер мен карбонилді қосылыстар үшін қолдану тиімділігін зерттеу арқылы кеңейтілуі мүмкін.

References

- Bond G.C. (2012) *Heterogeneous catalysis: Principles and applications*. Oxford: Oxford University Press. — 384 p. (in English)
- Somorjai G.A., Li Y. (2010) *Introduction to surface chemistry and catalysis*. — 2nd ed. — Hoboken: John Wiley and Sons. — 768 p. (in English)

Chen J., Zhang H., Xu Y. (2020) Solvent effects in liquid-phase hydrogenation over Ni-based catalysts. *Reaction Chemistry and Engineering*. — Vol. 5, No 6. — P. 1034–1043. DOI: 10.1039/D0RE00045F (in English)

Bartholomew C.H., Farrauto R.J. (2011) *Fundamentals of industrial catalytic processes*. — 2nd ed. — Hoboken: John Wiley and Sons. — 672 p. (in English)

Satterfield C.N. (1991) *Heterogeneous catalysis in industrial practice*. — 2nd ed. — New York: McGraw-Hill. — 554 p. (in English)

Rodriguez J.A., Senanayake S.D., Stacchiola D., Liu P., Hrbek J. (2014) The importance of metal–metal and metal–support interfaces in hydrogenation catalysis. *Accounts of Chemical Research*. — Vol. 47, No 3. — P. 773–782. DOI: 10.1021/ar400314y (in English)

Wang H., Liu Y., Xu J. (2018) Promotional effects of noble metals on Ni-based hydrogenation catalysts. *Journal of Catalysis*. — Vol. 361. — P. 287–296. DOI: 10.1016/j.jcat.2018.02.015 (in English)

Chen Y., Li X., Zhang Q., Wang T. (2017) Synergistic effects in Ru–Ni bimetallic catalysts for hydrogenation reactions. *Applied Catalysis A: General*. — Vol. 543. — P. 90–99. DOI: 10.1016/j.apcata.2017.06.012 (in English)

van der Wal L.I., Prins R., van Bokhoven J.A. (2015) Hydrogen activation and spillover on bimetallic catalysts. *Journal of Catalysis*. — Vol. 331. — P. 145–154. DOI: 10.1016/j.jcat.2015.08.002 (in English)

Zhang L., He D., Wang J. (2016) Electronic interaction and catalytic performance of Ru-promoted Ni catalysts. *Catalysis Communications*. — Vol. 75. — P. 1–5. DOI: 10.1016/j.catcom.2015.11.014 (in English)

Zhu Y., An Z., Song H., He J. (2019) Structure–activity relationships of Ru–Ni bimetallic catalysts in aldehyde hydrogenation. *Applied Catalysis B: Environmental*. — Vol. 244. — P. 684–693. DOI: 10.1016/j.apcatb.2018.11.087 (in English)

Alonso D.M., Wettstein S.G., Dumesic J.A. (2012) Bimetallic catalysts for selective hydrogenation reactions. *Chemical Society Reviews*. — Vol. 41, No 24. — P. 8075–8098. DOI: 10.1039/C2CS35188A (in English)

Liu X., Li Y., Zhang Z., Wang C. (2021) Stability and reusability of promoted Ni catalysts in liquid-phase hydrogenation. *Catalysis Science and Technology*. — Vol. 11, No 4. — P. 1295–1305. DOI: 10.1039/D0CY02033A (in English)

Wang X., Chen L., Zhao J. (2022) Selective hydrogenation of aldehydes over Ni-based bimetallic catalysts in aqueous media. *Journal of Molecular Catalysis A: Chemical*. — Vol. 532. — Article 112744. DOI: 10.1016/j.molcata.2022.112744 (in English)

Li J., Zhou X., Sun K. (2019) Hydrogen spillover and enhanced hydrogenation over Rh–Ni bimetallic catalysts. *Catalysis Today*. — Vol. 323. — P. 29–37. DOI: 10.1016/j.cattod.2018.02.019 (in English)

Ertl G., Knözinger H., Schüth F., Weitkamp J. (2008) *Handbook of heterogeneous catalysis*. — 2nd ed. — Weinheim: Wiley-VCH. — 3296 p. (in English)

Li Y., Sun Q., Bao X. (2023) Advances in Ni-based catalysts for liquid-phase hydrogenation reactions. *Catalysis Reviews*. — Vol. 65, No 2. — P. 219–258. DOI: 10.1080/01614940.2022.2101457 (in English)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайтах:

www.nauka-nanrk.kz

<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>

ISSN 2518-1491 (Online), ISSN 2224-5286 (Print)

Ответственный редактор *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Т. Апендиев*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 31.03.2026.

Формат 60x88¹/₈.

22,0 п.л. Заказ 1.

«Central Asian Academic Research Center» LLP

Алматы, Қонаев к-сі, 142